

Банктік заңнаманы Базель қағидаттарына сәйкес үйлестіру туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 маусымдағы N 598 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Банктік заңнаманы Базель қағидаттарына сәйкес үйлестіру туралы келісімнің жобасы мақұлданын.
2. Банктік заңнаманы Базель қағидаттарына сәйкес үйлестіру туралы келісімге қол қойылсын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Банктік заңнаманы Базель қағидаттарына сәйкес
үйлестіру туралы келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының және Украинаның үкіметтері,

2003 жылғы 19 қыркүйекте Ялта қаласында қол қойылған Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімнің ережелерін басшылыққа ала отырып,

Біртұтас экономикалық кеңістік (бұдан әрі - БЭК) құру жөніндегі үйлестірілген іс-шараларды жүзеге асыру қажеттігін және осы мақсатта оған қатысушы мемлекеттердің банктік заңнамасын үйлестіруді растай отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің банктік заңнамасын үйлестіру мақсаты БЭК-ке қатысушы мемлекеттердің халықаралық стандарттарға және халықаралық банктік практикаға барынша жақындатылған банктік реттеу мен қадағалаудың ұлттық жүйелерін құруы болып табылады.

2-бап

Осы Келісімнің 1-бабында көзделген мақсатты іске асыру үшін БЭК-ке қатысушы мемлекеттер нормативтік құқықтық базаны және банктік реттеу мен қадағалау практикасын құру кезінде банктік реттеу мен қадағалаудың ұлттық жүйелерінің ағымдағы жай-күйін ескере отырып, тиімді банктік қадағалаудың Базель қағидаттарын, Базель банктік қадағалау комитетінің өзге де ұсынымдарын басшылыққа алады.

3-бап

Тараптар (не олар уәкілеттік берген органдар) нормативтік құқықтық базаны және банктік реттеу мен қадағалау практикасын құру жөніндегі іс шараларды үйлестіру

мақсатында осы саланы реттеу туралы ұлттық заңнамаларда жоспарланып отырған және жүзеге асырылатын өзгерістер туралы бір-бірін хабардар етеді.

4-бап

Тараптар банктік реттеу мен қадағалау саласында Тараптар пайдаланатын негізгі тәсілдер жөнінде, оның ішінде БЭК-ті құруға кедергі келтіретін нормативтік құқықтық базада және банктік реттеу мен қадағалау практикасында болуы мүмкін елеулі айырмашылықтар мәселелері жөнінде өзара консультациялар өткізеді.

5-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және/немесе қолдануға қатысты Тараптардың арасындағы даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында консультациялар және келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Тараптардың кез келгені дауды Біртұтас экономикалық кеңістік шеңберіндегі Дауларды шешу жөніндегі органға шешуге бере алады.

6-бап

Осы Келісім бойынша ескертпелер жасауға жол берілмейді.

7-бап

Кез келген мемлекет осы Келісімнің қатысушысы бола алады.

Осы Келісімге қосылудың шарттары осы Келісімге қатысушы мемлекеттер мен қосылатын мемлекет арасында жасалатын халықаралық шартта белгіленеді.

8-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

9-бап

Осы Келісімнің күшіне ену және одан шығу тәртібі Біртұтас экономикалық кеңістік құру жөніндегі халықаралық шарттардың күшіне ену және олардан шығу тәртібі туралы хаттамада белгіленеді.

200_ жылғы "___" _____ қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана Депозитарийде сақталады. Депозитарийдің функциялары Біртұтас экономикалық кеңістік комиссиясына берілгенге дейін осы Келісімнің Депозитарийі Қазақстан Республикасы болып табылады.

Депозитарий осы Келісімге қол қойған Тараптардың әрқайсысына оның расталған көшірмесін жібереді.

Беларусь Республикасының

Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Министрлер Кабинеті үшін

Қазақстан Республикасының

Украинаның

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК